

"Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2017 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 168 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 795 қаулысы.

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2017 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 168 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 12, 82-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) 558 отбасыдан тұратын оралмандарды қабылдаудың 2017 жылға арналған өңірлік квотасы;

2) 381 отбасыдан тұратын қоныс аударушыларды қабылдаудың 2017 жылға арналған өңірлік квотасы белгіленсін."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев